



ҚАСІРЕТ ӘКЕЛГЕН

«МАУСЫМ ЖАРЛЫҒЫ»

1916 ЖЫЛЫ 25 МАУСЫМДА РЕСЕЙ ПАТШАСЫ НИКОЛАЙ II-НІҢ «БҰРАТНА» ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ТЫЛДАҒЫ ЖҰМЫСҚА АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРЛЫҒЫ БОЛДЫ. ОЛ БОЙЫНША ТЫЛ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАЗАҚСТАННАН, ОРТА АЗИЯДАН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚТАР



атады.

Бұл көтерілістің ұйымдасуының алғашқы қадамы еді. Тосын хабар ел арасына тез тарап, жұртшылықты дүр сілкіндірді. Жан-жақтан ер-азаматтар шұғыл түрде Тайшым Орысұлы жасағына ағылды. Аз уақыттың ішінде 900 адам жиналды. Көтерілісшілер Қосшұңқыр деген жердегі Жүзіктөбеге жиналып, 200-ден астам үй тігіп, қоныстанып, осы жерде сарбаздар соғысқа дайындықты бастап кетті.

Көтеріліс басшысы Тайшым Орысұлы Төртқараның Бақшақ руынан еді. Көтеріліс кезінде орта жаста, елудің ішінде болатын. Екі көзі оттай жайналып, шаршау дегенді білмейді. Жаратылысында батыр болып туған адам, өлген-тірілгенін білмей соғысады.

қимылға көшті. Өзін ұстап, патша ұлықтарына тапсыруға бел буған Шынарбайдың Омарын қолға түсіруді қолға алды. Ал өзге бай-болыстардың жазасын белгілеуді көтерілістің басқа басшыларына тапсырды.

Тайшымның айла-шарғысын білмей, құрған қақпанына түскен Омар бастаған он шақты бай алпыс жігітімен Милысорға көтеріліс басшысын ұстауға келеді. Сөйтіп, 1916 жылы 25 қазан күні Милы деген жерде соғыс болады. Осы соғыста Тайшым бастаған көтерілісшілер жеңіске жетті. Әскери кеңестің шешімімен болыс-байлар жазаланады. Бұл жеңіс көтерілісшілердің көңіл күйін көтеріп, рухын асқақтатты.

дық шығармалар жинағы, 1 жыл екінші том, 5-бет. Тайшым Орысұлы).

Көтерілісті басқан сарбаз, бай-болыстар елді тонады, мүлкін тартып алды, әйелдер үлкендерге зорлық-зомбылық жасады, талайларды қаңғырт айдап жіберді.

Тайшым үш баласымен ж 40 адам көтерілісшілер тұтқы үш ай жатты.

1917 жылы 10 наурыда уақытша үкіметтің шешімімен Тайшым түрмеден босап, ерланды.

Алайда түрмеден босағанда, тыныштық болмады. Көтеріліс кезінде өлтірілген ағайынның балалары өкелері үкіметке құн талап етіп, Тайшымның

оның соңына ергендердің дүниесін мүлкін, малын алады.

Көтеріліс орталығы — Ырғыз

Патша үкіметінің жергілікті билеушілері көтерілісшілердің беталысынан қорықты. Сондықтан қарсы шаралар алуға мәжбүр болады. Соғысатын сарбаздар санын өсірді. Отрядтарға қару-жарақты үйіп-төгіп, оларға зеңбіректер мен пулеметтер бөледі. Көтерілісті басу үшін көп әскермен шыққан Орынбордың вице-губернаторы Обухов: «Ырғыздағы халықтың патшаға қарсылығы тек жай тәртіпсіздік, бой көтеру емес, нағыз көтеріліс», — деп мойындады.

Ал Николай патшаның жарлығымен Ырғыз, Торғай, Қостанай уездерінде соғыс жағдайы жарияланды.

Осының өзі-ақ, Ырғыз көтерілісінің ауқымын көрсетсе керек. Сондықтан тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ырғыз тарихын зерттеуші Беркін Құрманбеков: «Осы мойындаулар Ырғыз көтерілісінің Қазақстандағы ең күшті көтеріліс орталығының бірі болғандығын дәлелдейді» — деп тұжырымдайды.

Тайшым Орысұлы бастаған көтерілісшілер патша өкіметінің жазалаушы әскери отрядтарымен бірнеше рет бетпе-бет келіп соғысты. Көтерілісшілер қыркүйектің бірінен бастап, желтоқсанның жиырмасына дейін қарсылық көрсетіп тұрды. Алайда күш тең емес еді. Найза, айбалта, қылыш сияқты жекпе-жек ұрыстың құралымен, мұздай қаруланған, соғыс тәсілдерін жетік меңгерген орыстың әскери отрядтарымен соғысу қиын еді. Патша әскері көтерілісшілерді қолма-қол ұрысқа келтірмеді. Алыстан зеңбіректен, пулеметтен оқ жаудырып көп шығынға ұшыратты. Соның өзінде көтерілісшілер ерлікпен соғысты, батырлық көрсетті, қоршауға түспеді. Әрине, ақырында көтерілісшілер жеңілді. Көтеріліс басшылары, көптеген сарбаздар ұсталды. Тайшым және оның үш баласы Қыстаубай, Жылқаман, Жылқыбай Ырғыз түрмесіне қамалып, Орынборға айдалды. Тайшым және оның балалары, көтерілісшілер ұсталғанда, «Ау, азаматтар, кетеріңді алып қалыңдар! Мұндай сәтті болып Тайшым қолдарыңа түсе бермес!» — деп Тақайдың айқайлаған сөзіне еріп, көтерілісшілер Ырғыздың көпірінен өтерде матаулы қырық адамды ұрып-соғып, сілейтіп салды. Тайшымды өлтіріміз деп ұғанда, Тайшымның басы төрт жерден жарылды. Есінен айырылған, тіл-аузы жоқ, жанталасып жатқан Тайшымды үш баласы — Қыстаубай, Жылқаман, Жылқыбаймен төртеуін және қасындағы отыз алты адамын, бәрін де сүйретіп алып барып, Ырғыздың түрмесіне қамады, — деп жазды өз еңігесінде жазушы Сабыр Шарипов. (С.Шарипов. Екі том-

Көтеріліс орталығы — Ырғыз

Кеңес өкіметі тұсында Тайшым Ырғыз ауданы Ұзынкөл ауылындағы «Көркем» серіктестігіне мүше болып, шаруашылықпен айналысты. 1928 жылда ірі байларды тәркілеуге қатысты.

1938 жылы ұлт көтерілісінің жылдығына Тайшым Орысұлына Үкімет атынан ат-арба сый тарту етілді. «Қылқанды» ел мекенінен жеке үй салып беріп Алматыға шақырылып, Қазақстан Республикасы Орталық Атқару комитетінің шешімімен «Қазақ ССР-ына 15 жыл белгімен» марапатталды. Ұлт-азаттық көтеріліс қайраткері Тайшым Орысұлы 1945 жылы көктем, қайтыс болып, Ырғыз ауданында жерленді. Қазір бұл Әйтекеби ауданына қараған Қарабайт деген жерде.

Жоғарыда айтқанымызда жазушы Сабыр Шарипов 1938 жылы «Тайшым Орысұлы» деген деректі мақала жазды. Жазушы осы мақаласында «Тайшымның осы күні 73 жаста, тірі. Үлкен дәнелі алып адам, көзі оттай жанап тұр. Төрт баласымен қатар бірге шаруа істеп жүр, қанда ауыр жұмысты да елейтін еме. Өзі Ырғыз ауданы, Ұзынкөл ауылындағы «Көркем» серіктестігінде мүше. Баласының үлке Қыстаубай 52-де, Жылқаман 41 жаста, Жылқыбай 42-де, Қасе 33-те, немерелерінің алды Жұмақан 27-де, Отарбай 24-те. Осылардың бәрі қолында, бұдан басқа ұзатқан қыздары тағы бар. Отарбай қызыл әскерге барып қайтты, осы күні Ырғызда, совпартшколда сабақ оқиды» деген деректер берген. (С.Шарипов. Екі томдық шығармалар жинағы Тайшым Орысұлы, 57-бет).

Бүкіл Қазақстанды қамтыған ұлт-азаттық көтерілістің орталығы Ырғыз болғаны анық. Бірақ Ырғыз көтерілісі, оның басшылары туралы кезінде аз жазылды. Ал Торғайдағы көтеріліс жайлы мол деректер берілді. Кеңес үкіметі кезінде Амангелді Имановтың есімі құрметтелді. 1938 жылы «Амангелді» атты қазақтың бірінші көркем фильм түсірілді. Батырға Алматыда ескерткіш қойылды. Ақтөбеде А.Иманов көшесі бар.

Біз Ырғыздың қилы тарихындағы осы оқиғаға байланысты азаттық үшін алысқан көтеріліс басшылары мен қаза тапқан батырларға да лайықты құрмет көрсетіп, еске алына дейміз.

Бұл көтеріліс езілген халықтың орыс империясының отаршылық саясатына деген ыза-кегінің көрінісі болатын. Бұдан жүз жыл бұрынғы Ырғыз көтерілісі — бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауларының бірі.

**Еркін ҚҰРМАНБЕК,
ҚР мәдениет қайраткері,
өлкетанушы.**

МЕКЕНДЕГЕН БАРЛЫҚ ОБЛЫСТАРДАН АДАМ АЛУ БЕЛГІЛЕНДІ. ОЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ЖАСАУ БОЛЫС БАСШЫЛАРЫНА ЖҮКТЕЛДІ. ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІМШІЛІК ОРЫНДАРЫ ІСТІ ЖЕДЕЛДЕТУ ҮШІН ОБЛЫС, СТАРШЫН ЖӘНЕ «ҚҰРМЕТТІ АҚСАҚАЛДАРМЕН» ЖИНАЛЫС ӨТКІЗІП, «МАУСЫМ ЖАРЛЫҒЫН» БҰЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАУҒА ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ. БҰЛ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕ ПАТША ӨКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫНЫҢ КҮРТ КҮШЕЮІНЕ АЛЫП КЕЛДІ. ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ КҮННЕН-КҮНГЕ ӨРИС АЛЫП, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСКЕ ҰЛАСТЫ. БИЫЛ БҰҒАН БІР ФАСЫР ТОЛЫП ОТЫР.

Көтеріліс басшысы Тайшым Орысұлы

Ырғыздағы көтерілістің ең бір күшті орталығы Қызылжар болысы болды. Онда 1300 шаңырақ түгін түтетіп, адамдары мал шаруашылығымен айналысатынды. Қосшұңқырды мекендеген кедей-жатақтар егіншілікпен айналысып, тары егетін.

Осылай бейбіт өмір кешіп жатқан елді Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы дүр сілкіндірді. Патша жарлығының хабары жеткенде Қызылжар тұрғындары бірден «соғысқа бармаймыз, майданға адам бермейміз» — деген шешімге келді. Ер-азаматтар ұйымдасып, көтеріліске дайындалды. Патша жарлығына қарсы болды. Сөйтіп, Қызылжар болысының азаматтары қыркүйек айында бас қосып, Тайшым Орысұлы көтеріліс басшысы етіп сайлап, хан деп

Денелі, бірбеткей, ірі кісі. Ырғыздағы бай-болыстардың айтқандарына көне бермейтін мінезін жұртшылық жақсы білетін. Тайшымның жанына жиналғандар соғыстан не мал беріп, не пара беріп қала алмайтын кедейлер, еділдіктен үміт үзгендер болатын. Көтерілісшілер баяғыдан бері өздерін байлардан қорғап, олардың төлкегіне бермей, сақтап, қамқорлық жасап келген Тайшымды орталарынан шығарып, басшы қылды. Және оның сөзін екі етпей төбелерінен тік тұрып орындады.

Тайшым көтерілісті басқару үшін әскери кеңес құрды. Кеңестің құрамы сайланды. Жүзбасын, елубасын тағайындап, басқару жүйесін қалыптастырды. Көтеріліске өзі тікелей басшылық жасап, дайындықты шұғыл тексеріп отырды. Соғысқа, көтеріліске қажетті қару-жарақтар дайындауға арнайы ұсталар жинады. Ұстаханаларға ағаш үйлер бөлінді. Қару жасауға керек темір, көмір, құрал-жабдық әкелінді. Алғашқы кезде төс пен балға жетіспеді. Ұсталар көтерілісшілерге найза, айбалта, қылыш жасады. Күніне он қылыш соғылды. Ескі мылтықтар, басқа да қару-жарақтар жөнделді. Көтерілісшілерді азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету ұйымдастырылды. Оған Тайшым жауапты адамдарды, өзінің қасында жүрген іскер жігіттерді тағайындады. Қара жаяу көтерілісшілерге атақты байлар Баймырза мен Байзақұлдарының 500 жылқысын айдатып алып, мінгізді. Тайшым тобы Торғай көтерілісшілерімен тығыз байланыс жасады. Алдын ала, патшаның Ақтөбеден келетін жазалаушы әскерінің жүрер жолын біліп отырды. Осылай Қосшұңқырда соғысқа дайындалды.

Сөйтіп, жан-жақтан хабардар болғандар қосылып, Т.Орысұлының қол астына жиналған жігіттердің саны 1 мыңнан асты. Тайшым Орысұлының қол жинағанын білген болыс, бай, ауылнайлар жиналып, Ырғыздың уезд бастығы Шәріптің ақылымен, Тайшымды патшаға өз қолдарымен ұстап беріп, абыройға ие болмақ болады. «Тайшымның мың жігіті болғанмен, жайы белгілі, қарулары найза, айбалта, онымен қайда барады» деп, бай-болыстар патша жарлығын орындауға алаңсыз кірісті. Және осы жолда түрлі іс-шаралар жүргізе бастады. Қызылжар болысы Тақаш Жансүгіров майданға алынатын адамдардың тізімін жасады. Болыс Омар Шынарбаев бастаған байлар: Ағымбай Беркімбаев, Сағындық Оспанбаев, Қожақ Манатов, Берден Жетебаевтар Тайшымды «бұзық», «залым» деп атап, патшаның жазалаушы отрядына ұстап беруді ұйғарады. Сөйтіп, ұстап беруді, орыс ұлықтарына өздері жақсы боп көрінбек болады.

Бұл хабар қызылжарлық көтерілісшілердің ашу-ызасын күшейтті. Тайшым да нақты іс-